

ҚАЗАҚ МУЗЫКА МӘДЕНИЕТІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ӨРКЕНДЕУІ

Исабекова Г.Т. магистр оқытушы

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан.

Резюме

В данной статье рассматривается становление и процветание казахской музыкальной культуры

Қазақ ұлт болып құрылғаннан бастап төл музыкасы бірге дамыды. Ән-күй арқылы әдет-ғұрып, дәстүрлі салт-сана ұрпақтан -ұрпаққа жетіп, көшпелі халқымыздың рухани мәдениетіне айналды.Әлдилеген сәбиден бастап қарттарымызға дейін қуаныш пен мұңын музыка арқылы жеткізді. Бесік жыры, қыз ұзату, келін түсіру, сүндет той, т.б ойын-сауық, ән-күймен әсерленіп отырды. Әсіресе, лирикалық-әлеуметтік тақырыпқа арналған оқиғалы желіде туған, формасы күрделі музыкалар орындаушылығы жағынан мықты шеберлікті қажет етті. Қазақ халқының ақын, жырау, жыршы, әнші, өлеңші, күйшілері музыкалық мәдениеттің негізін қалады. Көнеден бүгінгі заманға дейін келіп жеткен ақындар айтысы, өнер сүйушілер сайысы, кәсіби өнер қайраткерлерінің қалыптасуы, елуге жуық әр түрлі аспаптар қолданылғаны жайлы музыка зерттеуші- ғалымдары дәлелдеген.

Адамның басты мақсаты – өз ұлтының, өз жерінің мәдени ұстындарына сүйене отырып, өз бойындағы қасиеттерді дәйекті де тұғырлы етіп тәрбиелеу, жүзеге асыру болып табылады. Яғни мәдениет өмірдің тиянақтылығын, тұрақтылығын, дәйектілігін, мәнділігін, табандылығын қамтамасыз ететін үлкен институт болып табылады. Ал қазіргі таңда қоғамдық өмірде дәйексіздік, тұрақсыздық, тиянақсыздық, секілді белгілердің көбейіп кетуіне байланысты соңғы онжылдықтарда осы мәдениет феноменіне қызуғышулық артып отыр. Бүгінгі қоғам өмірінде жиі көрінетін жағдайлар, ата-ана мен бала арасындағы түсініспеушілік, олардың арасындағы дау жанжалдар, адамдардың бір-біріне сенімсіздік танытуы, бір мемлекеттің азаматтары бола тұра, ұлтқа, нәсілдікке, діни ұстанымдарға бөліну, бірін-бірі белгілі бір себепсіздіктерге байланысты жеке көру секілді құбылыстар теріс бейсаналық пен түрлі келеңсіздіктерге жол ашып тұрады. Бұл қоғам, мемлекет, әлем бойынша орын алуда. Міне, қоғамдағы мәдениет функцияларының бірі-осындай қоғымдық немесе жеке әрекет түрлерін реттеу болып табылады. Яғни мәдениет мораль мен құқыққа негізделі отырып, адамдардың мінез-құлқына әсер етеді.

Кез-келген халықтың мәдениеті бос нәрсе емес, адамдар мен оны қоршаған ортада әрекет етеді. Мәдени нысан оқшау, мәңгіге берілген үлес емес. Ол заман ағымының өрісі. Мәдени нысанның ең басты артықшылығы оның тылсымдық қасиетінде. Мәдениеттің негізгі қайнар көзі, өзегі салт-дәстүр, әдет ғұрып, болып табылады. Ал қазақ мәдениетін әдептік құндылықтардан тыс талдау мүмкін емес. Ұлтымыздың бүкіл рухани игілігі 20 ғасырға дейін жазбасыз түрде дамып, ауыздан-ауызға, әкеден-балаға, ұстаздан-шәкіртке, өткеннен-болашаққа жеткізіліп отырған. Шаруашылықтың көшпенді және көшпелі емес түрі ұлттық аспаптадың, музыкалық-дәстүрлердің ерекшеліктерін, қазақ қоғамының өмірі мен тұрмысының, сөздік және ақындық көркемөнердің біртұтастығын көрсетеді. Алматы мұражайындағы жеті шекті жетіген аспабы.

Музыка өзінің алғашқы кезінде ескі көшпелі қоғамның қажеттілігінен туып, ірі діни және тұрмыстық салт-дәстүрлермен біртұтас дүниеге айналды. Қазақ этносының қалыптасу кезінде пайда болған ірі эпикалық баяндаулар – жыраулар орындауындағы жырлар әртүрлі дәстүрлермен байланысты болды. Халық жадында жүзден аса эпос сақталған, олар мың өлең жолынан тұрады, қыл қобыз немесе домбыра арқылы орындалған. Халық шығармашылығының сүйікті жанры, батырлық және лирикалық – тұрмыстық эпостар қатарында «Қобыланды», «Алпамыс», «Ер-Тарғын», «Қамбар», «Қыз-Жібек», «Қозы-Көрпеш-Баянн сұлу», «Еңлік-Кебек» жырларын айтуға болады. Бұлар қазақ тарихына нақты оқиғалар аңыз, мифологиялық түрде жеткізді. Халық музыка аспаптарының көне үлгісі ретінде кейін пайда болған күйде өзінің бастапқы кезеңінде

магиялық міндеттерін атқарған. Екі дәстүрдің – эпикалық және аспаптық дәстүрдің шығуы халық санасында атақты әулие – Қорқыт есімімен (бірінші жырау және шаман "күй атасы" және қыл-қобызды жасаушы алғашқы шаман есімімен) байланысты Қорқыт өзінің ұрпағына ұлы мұра – қобыздық күйлер - "Қорқыт", "Желмая", "Тарғыл тана", "Елімай", "Ұшардың ұлуы" сияқты және т.б. шығармалар қалдырды.

Домбыра мен сыбызғы аспаптарының даму тарихы да ғасырлар қойнауына кетеді. Домбыраның пайда болуы туралы мынадай археологиялық қазбалар мәлімет береді: ежелгі қала Хрезмді қазғанда екі шекті аспапта ойнап тұрған музыканттардың терракотты бейнелері табылған. Ғалымдар екі мың жыл бұрын Хорезм қаласынан табылған екі шекті аспаптардың қазақ домбырасымен ұқсастығын және оның Қазақстан территориясында тұрған ертедегі көшпенділердің қолданған аспаптарының бірі деп бағалайды. Қазір заманда Қазақстанда музыка өнері әр түрлі салада дамып келе жатыр. Еуропалық орындаушылық және композиторлық творчестволық жанрдан басқа республикамызда басқа рок, эстрада, джаз және әлемдік діни музыкалық концессиясы, фольклор, ауызша кәсіби орындаушылық шеберліктері дамыған ұйғыр, неміс, кәріс, дұңған, орыс, татар музыкалық ұжымдары бар. 20 ғасырда қазақ музыкалық мәдениеті жаңа әуендік және жанрлық түрімен байыды. Аз ғана кезеңдік тарихи уақытта Республика еуропалық классикалық музыканың көпдауыстылығы мен жанрлық арсеналын игерді. Бұл – опера, симфония, балет, аспаптық концерт, кантата, ораториялық, ансамбльдік, оркестрлік, хорлық орындау түрлері.

Шығармашылықтың жазба түрінде қалыптасқан жаңа кәсіби композиторлық мектебі құрылды. Ұлттық мазмұндағы синтездік іріктеу және 20 ғасырдың 30-40 жылдарындағы еуропалық түрді таңдау нәтижесінде қазақ опералық өнерінің классикалық шығармалары – Е.Брусиловскийдің “Қыз Жібек”, А.Жұбанов, Л.Хамидидің “Абай”, М.Төлебаевтың “Біржан - Сара” опералары дүниеге келді. Олардың драматургиялық және музыкалық негізі – қазақ фольклоры мен ауызша кәсіби музыканың шексіз мүмкіндігі арқылы жасалған. Опералық театр сахнасы 19 ғасырдың ақындары Біржан мен Сара арасындағы қызу айтыс, той дәстүрі 19 ғасырдағы ұлт - азаттық көтеріліс батырының әндері, ақын және күйші Махамбеттің және ән-жоқтаулар орындалатын аренаға айналды. 60-70 жж. Республикада еуропалық аспапты музыканың күрделі жанры-симфониялық музыка өнері өте жақсы дамыды. Ғ.Жұбанованың, Қ. Қожамьяровтың симфониялары, симфониялық күй-жаңа жанрлық синтез осылай пайда болды. Ұлттық аудитория қазақтың монодиалық музыкасының оркестрлік және интерпретациясын ерекше қабылдады. “Отырар сазы” фольклорлық-этнографиялық оркестр көпшілікке жақсы танымал өнер ұжымына айналды. Б. Сарыбаев сияқты ғалым - фольклоршы қайта әкелген қазақ музыкалық аспаптары оның құрамына кірді.

Күйлердің оркестрлік орындалуында батырлардың бейнелері, бәйге аттарының шабысы, кең даланың бауыры жазылған бейнесі, халықтық мейрамдар кезіндегі шерулер - барлығы бір арнаға тоғысады. Бұл ұжымның нақты бетінің танылуына осы ансамбльдің жетекшісі және дирижері, композитор және домбырашысы Н.Тілендиевтің аса көп еңбегі сіңді. Қазақстанның қазіргі даму барысында музыка мәдениетінің көп тармақты құрылымы қалыптасты. Республикада Еуропалық жанрдағы орындаушылық және композиторлық шығармашылықпен қоса, әуенді шығарудың жаңа дәстүрлі, әлемдік көпшілік музыка (рок, эстрада, джаз) және әлемдік концессиялардың діни музыкасы, Қазақстанды мекендеген халықтардың – ұйғырлардың, кәрістердің, немістердің, дұңғандардың, орыстардың, татарлардың ауызша кәсіби фольклоры негіз салды. Республикада әртүрлі көркемдік профильдегі орындаушы ұжымдар - Мемлекеттік симфониялық оркестр, Құрманғазы атындағы Қазақтың халық аспаптар оркестрі, хор капелласы, халық би ансамблі, Мемлекеттік квартет, эстрадалық ансамбльдер, үрмелі және джаздық оркестрі пайда болды.

Қазақстан - әлемдік масштабтағы классикалық музыканы орындаушылар отаны. Ол - Е. Серкебаев, Б. Төлегенқызы, Ғ. Есімов, Ә. Дінішев, Ғ. Қадырбекова, А. Мұсақожаева, Ж. Әубәкірова, шетелдердегі қазақ музыкалық диаспорасының жұлдыздары – М.

Бейсенғалиев, Ә.Құрманғалиев, ағайынды Нақыпбековалар. Бүгінгі күні Республикада К.Байсейітова және А.Жұбанов атындағы арнаулы балалар мектебі, Құрманғазы атындағы Алматы Мемлекеттік Консерваториясы, Астанадағы Ұлттық музыка Академиясы, Абай атындағы мемлекеттік опера және балет театры, Жамбыл атындағы Қазақ Мемлекеттік филармониясы, Қазақконцерт Әуезов атындағы әдебиет және өнер Институты және басқа да музыкалық - біліми, ғылыми және мәдени мекемелер бар. Жыл сайын біздің тәуелсіз республикамыз “Жігер”, “Алтын алма”, “Жаңа музыка күндері”, “Азия дауысы” халықаралық сайысын, ал халық музыканттарын - дәстүрлі музыканың халықаралық фестивалін, жас орындаушылар фестивалін ұйымдастырады. Музыка бүгін мен болашақты, өткенді жалғастырушы алтын буын міндетін атқарып отыр.

Қазақстан-орындаушылық таланттары жағынан әлемдік классикалық музыка дәрежесіне көтерілген Е.Серкебаев, Б.Төлегенова, Г.Есимова, Ә.Дінішев, Г.Қыдырбекова, А.Мусаходжаева, Ж.Әубәкіровалардың отаны ретінде белгілі, сондай-ақ М.Бисенғалиев, Е.Құрманғалиев, апалы-сіңлілі Нақыпбековалардың шет елде ұйымдастырған қазақ музыкалық диаспоралары да өз жұмысын жалғастыруда.

Халық тәрбиесі ғасырлар бойы сараланып, ой-арманның тіршілік тынысы мен шаруашылық кәсібі мен отбасы, аймақтық, қоғамдық, ұлттық тәлім-тәрбие, салт-сана, өнер-білім, тарих дәстүрімен байланыста болып, үнемі өркендеп, дамып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып жатқан әлеуметті-философиялық тарихи-педагогикалы, мәдени көркемді, музыкалы-эстетикалы мұра болып қалыптасты. Осы тұрғыдан қарағанда қиын-қыстау, өсу, даму кезеңдерін бастан кешірген қазақ халқының өткен шағы мен болашағы ұрпаққа әлеуметтік мәдени мұра қалдыра отырып, сол мәдени көркем мұраның салаларын жастардың бойына дарытып, жүрегіне ұялатып, ұрпақтан ұрпаққа жалғастыру. Әлеуметтік мәдени мұра неғұрлым бай, алуан арналы болса, өткен мен бүгінгі мәдениет мұралары жарасымды жалғасып жатса, соғұрлым өміріміздің мән-мағынасы терең, мақсаты айқын, тарихи үлгі өнеге тұтар парасатты ой-толғаныстары күшті қауым, жан-жақты дамыған ерекше тұлға тәрбиелейтін боламыз.

Қазақ халқының музыкалық қазынасы үшінші мыңжылдықтың алғашқы кезеңіне дейін өзінің сан қырлы көркемдік сипатымен сақталынып, көшпенділердің руханияттық және эстетикалық талғамдарына сәйкес ұлттық діліміздің сарқылмас бұлағына айналуда. Көне музыкалық-поэтикалық нұсқалар -ұмытылмас бабалар даналығы, ғасырлардан жеткен өшпес сарын. Теңдесі жоқ рухани байлығымыз ауызекі түрде қалыптасып, әр заманда сұрыпталып, тек өзіне тән сұлу да сүйкімді әуенімен, қайталанбас ұлттық ерекшеліктерімен, сан түрлі бояуларымен ХХІ жүзжылдықта өз жалғасын табуда.

Әдебиеттер тізімі:

1. Рысбай К. Қазақстан Республикасының тарихы. – Алматы, 2005-365б.
2. Қазыбеков М. Наурыз. Жаңғырған салт-дәстүрлер -Алматы: Қазақстан, 1991